

Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарынан өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 7-1/611 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 ақпанда № 10287 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.04.2020 № 108 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілед).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 46-20) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарынан өткізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.04.2020 № 108 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілед).

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

19 қаңтар 2015 жылы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

15 желтоқсан 2014 жылы

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2014 жылғы 24 қарашадағы
№ 7-1 / 611 бұйрығымен
бекітілген

Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарынан өткізу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.04.2020 № 108 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілед).

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарын өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 46-20) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарын өткізу тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу – ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын шектеулі зертханалық және (немесе) өндірістік жағдайларда олардың иммундық-биологиялық қасиеттерін және эпизоотологиялық тиімділігін, олардың жануардың ағзасына әсер ету салдарларының болмауын, сондай-ақ оларды ветеринариялық практикада пайдалану мүмкіндігін анықтау үшін экологиялық қауіпсіздігін айқындау мақсатында сынау;

2) ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының тіркеу сынақтары – ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының қауіпсіздік және сапа көрсеткіштеріне сәйкестігін айқындау;

3) ветеринариялық препараттың, жемшөп қоспаларының саудалық (айрықша) атауы – дайындаушы тіркейтін, таңбалайтын және жарнамалайтын ветеринариялық препараттың атауы;

4) ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – ведомство) – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті;

5) жаңа ветеринариялық препарат, жемшөп қоспасы – үшінші елдер мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілмеген және тіркелмеген ветеринариялық препарат, жемшөп қоспасы;

6) жетілдірілген ветеринариялық препарат, жемшөп қоспасы – бұрын тіркелген, бірақ басқа нысандарда және/немесе жаңа дозада, және/немесе негізгі және қосалқы заттардың (компоненттердің) басқа құрамында, сондай-ақ олардың қасиеттері мен сапалық сипаттарына әсер еткен өндіру технологиясының өзгеруімен(лерімен), оларды пайдаланудың (қолданудың, сақтаудың) өзге де тәсілдерімен немесе пайдалануға (қолдануға, сақтауға) қойылатын көрсеткіштермен өндірілген ветеринариялық препарат, жемшөп қоспасы.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

3. "Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарынан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Ветеринариядағы ұлттық референттік орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.

4. Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті беру ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарынан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі – стандарт) жазылған.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ведомствоның кеңсесіне (бұдан әрі – кеңсе) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және стандартта көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарынан өткізу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 7-1/625 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10298 болып тіркелген) бекітілген Жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу қағидаларына сәйкес ведомствомен келісілген жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттама (бұдан әрі – НТҚ) бар болған жағдайда жүргізіледі.

7. Кеңсе жұмыскері қабылдау мен тіркеуді ол келіп түскен күні жүзеге асырады және ведомство басшысына жолдайды, ол жауапты орындаушыны тағайындайды.

Кеңсе жұмыскері көрсетілетін қызметті алушыға күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, лауазымы көрсетілген тіркеу туралы белгісі бар өтініштің үзбелі талонын береді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру одан кейінгі жақын жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жауапты орындаушы өтінішті тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде стандартта көрсетілген ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) осы Қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер болмаған жағдайда, жауапты орындаушы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға ұсынылған құжаттар және (немесе) мәліметтер сәйкес келмейтін талаптарды және оларды сәйкес келтіру мерзімін көрсете отырып, хабарлама жібереді.

Хабарламада көрсетілген құжаттарды сәйкес келтіру мерзімі хабарлама жіберілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Хабарламада көрсетілген құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі тоқтатыла тұрады.

Егер хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы өтінішті осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтірмеген жағдайда,

көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ведомство басшысы не оның міндетін атқарушы адам қол қойған уәжді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған және мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздер болмаған жағдайда, жауапты орындаушы өтінішті тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Ветеринариялық препараттарды және жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу үшін көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде іс-шаралардың атауын, оларды өткізу мерзімдерін, үлгілердің көлемі мен санын көрсете отырып, еркін нысанда ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу бағдарламасының жобасын (бұдан әрі – Бағдарлама) жасайды және оны ведомствоға жібереді.

Ведомство Бағдарлама жобасын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) Бағдарламаның жобасын келіседі және Бағдарлама мен ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу үшін комиссия құрамы (бұдан әрі – Комиссия) бекітілетін ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізуді ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады.

Комиссия құрамына ведомство қызметкері (Комиссия төрағасы), тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы (Комиссия төрағасының орынбасары), көрсетілетін қызметті берушінің маманы (дары), тәуелсіз сарапшы, ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізуге қатысатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшысы(лары), көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі кіреді;

2) Бағдарлама жобасын келіспейді және көрсетілетін қызметті берушіге нақты ескертулер мен ұсыныстарды көрсете отырып, жазбаша жауап жолдайды.

Бағдарлама жобасы келісілмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде ескертулерді жояды және оны ведомствоға қайта жолдайды.

10. Бағдарламаны бекіткеннен кейін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушымен Бағдарламасында қарастырылған іс-шаралар, төлем құны мен төлеу тәсілі және басқа да мәліметтер көрсетілетін ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізуге шарт жасасады.

11. Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарынан өткізу үшін көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде іс шаралардың атауын, оларды өткізу мерзімдерін, тіркеу сынақтарының

әдістерін, ветеринариялық препарат, жемшөп қоспалары үлгілерінің көлемі мен санын көрсете отырып, еркін нысанда жұмыс бағдарламасын (бұдан әрі – жұмыс бағдарламасы) жасайды және бекітеді.

12. Жұмыс бағдарламасын бекіткенен кейін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушымен жұмыс бағдарламасында қарастырылған іс-шаралар, төлем құны мен төлеу тәсілі және басқа да мәліметтер көрсетілетін ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарынан өткізуге шарт жасасады.

1-параграф. Ветеринариялық препараттарды және жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу тәртібі

13. Ғылыми зерттеулер нәтижесінде алынған жаңа немесе жетілдірілгенді қоса отырып, жаңа немесе жетілдірілген ветеринариялық препараттар, жемшөп қоспалары байқаудан өткізуге жатады.

14. Үшінші елдерде (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше емес мемлекеттерде) тіркелген және қолданылатын ветеринариялық препараттар, жемшөп қоспалары байқаудан өткізуге жатпайды.

15. Ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу орнын Бағдарламаны ескере отырып, ведомство айқындайды.

16 Көрсетілетін қызметті беруші Комиссияның барлық мүшелерінің қатысуын және Бағдарламамен танысуын қамтамасыз етеді.

17. Ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу үшін көрсетілетін қызметті алушы ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын Бағдарламада көрсетілген көлемде және мерзімде байқау өткізілетін орынға жеткізілуін қамтамасыз етеді.

18. Ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу үшін мынадай талаптарға сай келетін ветеринариялық препараттар, жемшөп қоспалары ұсынылады:

ұсынылған НТҚ-ға сәйкес жапсырманың (қазақ және орыс тілдерінде) болуы;

жарамдылық мерзімі мәлімделген жарамдылық мерзімнен 80 (сексен) %-дан кем болмауы;

температуралық режим индикаторларының/датчиктерінің жазбаларымен НТҚ-ға сәйкес ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тасымалдаудың температуралық шарттарын сақтау;

осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының құрамында болуға жол берілмейтін заттар тізбесіне енген заттардың болмауы.

Осы тармақта көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда ветеринариялық препараттар, жемшөп қоспалары қабылданбайды.

19. Көрсетілетін қызметті берушінің ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу үшін материалдық-техникалық базасы жеткіліксіз болған жағдайда, ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын зертханалық жағдайда сынау үшін бірлесіп орындаушыларды тартуға немесе ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын зертханалық жағдайда сынақтан өткізуге көрсетілетін қызметті берушінің қызметкерлеріне материалдық-техникалық базаға сәйкес өндірушінің базасында өткізуге жол беріледі.

20. Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу НТҚ-ға және Бағдарламаға сәйкес екі жылға дейінгі мерзімде жүргізіледі.

21. Ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу нәтижелері туралы хаттаманы үш данада ресімдейді, оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Көрсетілетін қызметті беруші ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу нәтижелері туралы хаттамаға Комиссияның барлық мүшелері қол қойған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ведомствоға ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу нәтижелері туралы хаттаманың екі данасын жібереді.

22. Ведомство ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу нәтижелері туралы хаттаманы алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызмет алушыға ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу нәтижелері туралы хаттаманың бір данасын жібереді.

2-параграф. Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарынан өткізу тәртібі

23. Басқа елдерде тіркелген және Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында қолданылуға ұсынылатын ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспалары тіркеу сынақтарынан өткізуге жатады.

24. Ветеринариялық препараттарды уақытша тіркеудің қолданысы кезеңінде осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен оларды мемлекеттік тіркеуге қажетті ветеринариялық препараттарды тіркеу сынақтарынан өткізу жүргізіледі.

25. Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтары ветеринариялық препаратқа, жемшөп қоспаларына арналған НТҚ-да көрсетілген бақылау әдістерін ескере отырып, екі жылға дейін жүргізіледі.

26. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 11 және 12-тармақтарында көрсетілген іс-шараларды орындағаннан кейін ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарын өткізеді.

27. Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарын өткізу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге ветеринариялық препараттың, жемшөп қоспасының үлгілерін мынадай мөлшерде ұсынады:

1) ветеринариялық препараттар, жемшөп қоспалары:

сұйық:

көлемі 1-ден 5 миллилитрге (бұдан әрі – мл) дейін – 20 сауыт (ампула және басқалар);

көлемі 5 мл-ден 10 мл-ге дейін – 20 сауыт (ампула және басқалар);

көлемі 10 мл-ден 25 мл-ге дейін – 15 сауыт – (ампула және басқалар); көлемі 25 мл-ден 50 мл-ге дейін – 10 сауыт – (ампула және басқалар);

көлемі 50 мл-ден 250 мл-ге дейін – 5 сауыт (ампула және басқалар);

250 мл-де көп – 3 сауыт (канистрлер және басқа да ыдыстар);

сусымалы:

салмағы 1 граммнан (бұдан әрі – гр.) 5 гр-ге дейін – 40 бастапқы қаптама;

салмағы 5 гр-ден 10 гр-ге дейін – 20 бастапқы қаптама;

салмағы 10 гр-ден 25 гр-ге дейін – 15 бастапқы қаптама;

салмағы 25 гр-ден 50 гр-ге дейін – 10 бастапқы қаптама;

салмағы 50 гр-ден 250 гр-ге дейін – 5 бастапқы қаптама;

250 гр-ден көп – 3 бастапқы қаптама;

2) диагностикалық жиынтық – үш жиынтық.

28. Ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспаларының үлгілері әрбір өндірістік алаңнан жеткізіледі.

29. Бір ветеринариялық препараттың, жемшөп қоспаларының үлгілері, бірақ әртүрлі концентрацияларда немесе мөлшерлемелерде әрбір концентрацияға (мөлшерлемеге) осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес жеке ұсынылады.

30. Ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарын өткізу үшін мынадай талаптарға сай келетін ветеринариялық препараттар, жемшөп қоспалары ұсынылады:

ұсынылған НТҚ-ға сәйкес жапсырманың (қазақ және орыс тілдерінде) болуы;

жарамдылық мерзімі мәлімделген жарамдылық мерзімнен 80 (сексен) %-дан кем болмауы;

температуралық режим индикаторларының/датчиктерінің жазбаларымен НТҚ-ға сәйкес ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тасымалдаудың температуралық шарттарын сақтау;

осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының құрамында болуға жол берілмейтін заттар тізбесіне енген заттардың болмауы.

Осы тармақта көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда ветеринариялық препараттар, жемшөп қоспалары қабылданбайды.

31. Көрсетілетін қызметті берушінің ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарынан өткізу үшін материалдық-техникалық базасы жеткіліксіз болған жағдайда, ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын зертханалық жағдайда сынау үшін бірлесіп орындаушыларды тартуға немесе ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын зертханалық жағдайда сынақтан өткізуге көрсетілетін қызметті берушінің қызметкерлеріне материалдық-техникалық базаға сәйкес өндірушінің базасында өткізуге жол беріледі.

32. Ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарының нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарының нәтижелері туралы хаттаманы үш данада ресімдейді. Көрсетілетін қызметті беруші ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарының нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ведомствоға ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарының нәтижелері туралы хаттаманың екі данасын жібереді.

33. Ведомство ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарынан өткізу нәтижелері туралы хаттаманы алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарының нәтижелері туралы хаттаманың бір данасын жібереді.

3-тарау. Шағымдану тәртібі

34. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің, ведомствоның, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 91-бабының 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға жібереді. Қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті берушінің, ведомствоның, уәкілетті органның – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуына жатады.

36. Ведомствоның, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

37. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ӘРПК-ның 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ветеринариялық препараттарды,
жемшөп қоспаларын байқаудан
өткізу және тіркеу
сынақтарынан өткізу
қағидаларына
1-қосымша

"Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарынан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Ветеринариядағы ұлттық референттік орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2		Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің

	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің (бұдан әрі – ведомство) кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу сәтіне дейін –2 (екі) жылға дейін.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу нәтижелері туралы хаттама және/немесе ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарының нәтижелері туралы хаттама не уәжді бас тарту.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	А қ ы л ы . Мемлекеттік қызмет көрсету құнын көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 116-бабының 1-тармағына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес белгілейді және көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында және үй-жайларында орналастырылады.
7	Жұмыс кестесі	Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы . Мемлекеттік көрсетілген қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылған: www.gov.kz
8		1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 7-1/611 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 10287 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес н ы с а н б о ы н ш а ө т і н і ш . Ветеринариялық препараттарды, сол бір ветеринариялық препараттың жемшөп қоспаларын, әртүрлі дозалары, концентрациясы немесе көлемі, бірақ бір дәрілік нысаны бар жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарын жүргізу үшін көрсетілетін қызметті алушы ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының байқаудан өткізуге және тіркеу сынақтарына берілетін ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының барлық көлемдерін, дозаларын немесе концентрацияларын тізімдейтін бір өтініш ұсынады; 2) жеке басын куәландыратын құжат және (немесе) өкілдің өкілеттігін растайтын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (с ә й к е с т е н д і р у ү ш і н) . Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>кәсіпкер ретінде қызметін бастау туралы мәліметтерді ведомство мен көрсетілетін қызметті берушінің қызметкерлері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді. Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.</p>
9 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы ветеринариялық препаратты және жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарынан өткізу нәтижелері туралы хаттаманы алуға байланысты арнайы құқығынан айрылған.</p>
10 Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, қойылатын өзге де талаптар	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыларға күту және қажетті құжаттарды дайындау кезінде жағдайлар жасалады (күтуге арналған креслолар, қажетті құжаттардың тізбесі мен оларды толтыру үлгілері бар стендтермен жарақталған, құжаттарды толтыруға арналған орындар), өртке қарсы қауіпсіздік шаралары қабылданады. Көрсетілетін қызметті берушінің ғимараттары физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустары бар кіреберіспен жабдықталған.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің www.gov.kz интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.</p>

Ветеринариялық препараттарды,
жемшөп қоспаларын байқаудан
өткізу және тіркеу
сынақтарынан өткізу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізуді/тіркеу сынақтарынан өткізуді сұраймын (қажеттісінің астын сызу):

(ветеринариялық препараттың, жемшөп қоспаларының саудалық (айрықша) атауы)

1. Көрсетілетін қызметті алушы: _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, заңды тұлғаның атауы)

2. Көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы, телефоны, факсы, банктік деректемелері:

3. Көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

4. Ветеринариялық препарат, жемшөп қоспалары туралы мәліметтер:

1) құрамы: _____

2) дәрілік нысаны: _____

3) тағайындау: _____

5. Ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын әзірлеуші: _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, заңды тұлғаның атауы, мекенжайы)

6. Ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын өндіруші: _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, заңды тұлғаның атауы, мекенжайы)

7. Көрсетілетін қызметті алушының өкілі: _____

(өкілдің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы, байланыс деректері)

Өтінім берілді: 20__ жылғы " ____ " _____

(көрсетілетін қызметті алушының не оның өкілінің қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Өтініш сағат _____ карауға қабылданды: 20__ жылғы " ____ " _____

(өтінішті қабылдаған адамның қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және лауазымы)

(үзу сызығы)

Өтініш сағат _____ карауға қабылданды: 20__ жылғы " ____ " _____

(өтінішті қабылдаған адамның қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және лауазымы)

Ветеринариялық препараттарды,
жемшөп қоспаларын байқаудан
өткізу және тіркеу
сынақтарынан өткізу
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Уәжді бас тарту

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті" мемлекеттік мекеме Сіздің 20__ жылғы _____

(күні)

№ _____ өтінішіңізді қарастырып, келесіні хабарлайды.

(бас тартудың негіздемесі)

(қол қоюшының лауазымы) (қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Жауапты орындаушы: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Байланыс телефоны: _____

Ветеринариялық препараттарды,
жемшөп қоспаларын байқаудан
өткізу және тіркеу
сынақтарынан өткізу
қағидаларына
4-қосымша

Ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының құрамында болуға жол берілмейтін заттардың тізбесі

1. Хлорамфеникол (левомицетин).
2. Нитрофурандар (фуразолидонды қоса алғанда).
3. Нитроимидазолдар.
4. "Аристолохия" өсімдігінің компоненттері және одан алынатын дәрілік заттар (гомеопатиялық препараттарда өсімдік компоненттерін пайдалануды қоспағанда).
5. Хлороформ.
6. Хлорпромазин.
7. Колхицин.
8. Дапсон.
9. Карбадокс.
10. Олаквиндокс.
11. Стельбендер, стельбен туындылары, стельбен тұздары және олардың эфирлері.
12. Тиреостатики.
13. Анаболическалық стероидтар.
14. Бета-адреностимуляторлар (бета-агонистер).
15. Резорцил қышқылының лактондары және олардың туындылары.
16. Азаглинафарелин (уылдырығы адамдардың тағамына арналған албырт балықтар үшін).
17. Малахит жасылы (тауарлық балық үшін).
18. Кристалды күлгін (генцианвиолет) (тауарлық балық үшін).
- 19 Бриллиант жасыл (тауарлық балық үшін).

Ветеринариялық препараттарды,
жемшөп қоспаларын байқаудан
өткізу және тіркеу
сынақтарынан өткізу
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

(зерттеу жүргізген ұйымның
атауы, аккредиттеу жөніндегі

белгілер мен деректер (бар болса), мекенжайы, телефоны)
(Бет жағы)

Ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу нәтижелері туралы хаттама

20 ____ ЖЫЛҒЫ ____ № ____

Өтінім беруші	
Өтінім берушінің мекенжайы, телефоны, факсы	
Ветеринариялық препарат, жемшөп қоспалары туралы мәліметтер Жалпыға ортақ қабылданған атауы	
Саудалық атауы	
Құрамы	
Дерілік түрі	
Тағайындау	
Әзірлеуші	
Өндіруші	
Ветеринариялық препаратқа/жемшөп қоспаларына қоса беріледі	
Сынаққа өтініш келіп түскен күні	
Сынақ мақсаты	
Зертхананың атауы, жүргізілген сынақтардың күні	

(Сырт жағы)

Сараптама (сынақ) нәтижелері

№ _____

№	Зерттеу/сынақ атауы	НТҚ-да көрсетілген зерттеу/сынақ әдістері	Көрсеткіштердің нормаланатын мәндері	Зерттеу/сынақ нәтижелері

Сынақ нәтижелері бойынша қорытынды:

Комиссия мүшелері: _____

(қолы)

Ескертпе:

Сынақ өткізу шарттары:

Сараптама (сынақ) нәтижелері тек сыналған үлгілерге ғана жатады.

Осы сынақ хаттамасы зерттеу/
сынақ жүргізген
ветеринариялық зертхананың
рұқсатынсыз толық немесе
ішінара көрсетілмейді, немесе
тираждалмайды.

Ветеринариялық препараттарды,
жемшөп қоспаларын байқаудан
өткізу және тіркеу

сынақтарынан өткізу
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

(зерттеу жүргізген ұйымның
атауы, аккредиттеу жөніндегі
белгілер мен деректер (бар
болса), мекенжайы, телефоны)
(Бет жағы)

Ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарынан өткізу нәтижелері туралы хаттама

20__ ЖЫЛҒЫ __ № __

Өтінім беруші	
Өтінім берушінің мекенжайы, телефоны, факсы	
Ветеринариялық препарат, жемшөп қоспасы туралы мәліметтер: Жалпыға ортақ қабылданған атауы:	
Саудалық атауы:	
Құрамы:	
Дәрілік түрі:	
Тағайындау:	
Өзірлеуші:	
Өндіруші:	
Ветеринариялық препаратқа/жемшөп қоспаларына қоса беріледі	
Сынаққа өтініш келіп түскен күні	
Сынақ мақсаты	
Зертхананың атауы, жүргізілген сынақтардың күні	

(Сырт жағы)

Сараптама (сынақ) нәтижелері

№ _____

№	Зерттеу/сынақ атауы	НТҚ-да көрсетілген зерттеу/сынақ әдістері	Көрсеткіштердің нормаланатын мәндері	Зерттеу/сынақ нәтижелері

Сынақ нәтижелері бойынша қорытынды:

Комиссия мүшелері: _____

(қолы)

Ескертпе:

Сынақ өткізу шарттары:

Сараптама (сынақ) нәтижелері тек сыналған үлгілерге ғана жатады.

Осы сынақ хаттамасы зерттеу/
сынақ жүргізген
ветеринариялық зертхананың

рұқсатынсыз толық немесе
ішінара көрсетілмейді, немесе
тираждалмайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК